Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «ИМТЭС АКТОБЕ» ЖШС, «Flatiron Building» ЖШС мен «Best Stroy Group инжиниринг» ЖШС өзара бірлесе отырып, кенттің әлеуметтік-экономиялық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іс жүзіне асыру туралы жасасқан

№1 МЕМОРАНДУМ

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан кент әкімі Ж.Т.Алиев, «ИМТЭС АКТОБЕ» ЖШС-нің тарапынан А.К.Ахметов, «Flatiron Building» ЖШС-нің тарапынан О.А.Арыстанов және «Best Stroy Group инжиниринг» ЖШС-нің тарапынан Ә.А.Ақылбек әрі қарай тараптар: Осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі көлемінде іс жүзіне асыру.

2- бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

а) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

«Best Stroy Group инжиниринг» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2021 жылы Ақжарма ауылдық округі М.Айходжаев тұйығы көшесі бойында түнгі көше жарық шамдары бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуді міндетіне алады.

4-бап

«ИМТЭС АКТОБЕ» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2021 жылы Ақжарма ауылдық округі М.Айходжаев тұйығы көшесі бойында түнгі көше жарық шамдары құрылысын аяқтап Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне өткізуді өз міндетіне алады.

5-бап

«Flatiron Building» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2021 жылы Ақжарма ауылдық округі М.Айходжаев тұйығы көшесі бойында түнгі көше жарық шамдары құрылысының жұмыс барысын және жоба-сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстың орындалу сапасын қадағалайды.

6-бап

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі екінші тараптың Ақжарма ауылдық округі М.Айходжаев тұйығы көшесі бойында түнгі көше жарық шамдары құрылысын, құжаттарды уақытылы, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне өткізуді заңға сәйкес рәсімдейді.

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

7-бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

8-бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Ақжарма ауылдық округінде 2021 жылғы _____4 дана жасалды.

Меморандумға қол қоюшылар:

Кент әкімі	«Best Stroy Group инжиниринг» ЖШС-нің директоры	«Flatiron Building» ЖШС-нің директоры	«ИМТЭС АКТОБЕ» ЖШС-нің директоры
Ж.Т.Алиев	Ә.А.Ақылбек	О.А.Арыстанов	А.К.Ахметов